

Дәріс №1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – ғылым.

Жоспар:

1. **Философиямен байланысы**
2. **Психология, педагогикамен байланысы**
3. **Тіл білімімен байланысы**

Тірек сөздер: философия, логика, таным, психология, педагогика, тіл білімі, дидактика

Философиямен байланысы.

Философиялық таным теориясы бойынша шындыққа жол сезім және логикалық таным кезеңдерінен өтіп, практикада тексерілумен аяқталады. Логикалық таным тіл арқылы іске асады. Адамзат қоғамының тарихи-мәдени мұралары, барлық информация тілдік единицалар – сөз, сөз тіркесі, сөйлем, текст арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Тілді меңгеру – уақытпен байланыс жасау, қаншама ұрпақтың рухани мұрасын иелену. Тілді оқу арқылы дүниетаным қалыптасады, қоғамдық өмірге араласады, қоғамның даму, қалыптасу заңдылықтарын таниды. Тілді игеру арқылы адамның интеллектісі дамиды, ойы байиды, сөз байлығы артады. Яғни тілдің басқа пәндерге қарағанда мүмкіншілігі мол.

Тіл және сана, тіл және ойлау бір-бірімен тығыз байланысты. Ойдың жарыққа шығып, өмір сүруі үшін тілдік материалға негізделуі, сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер түрінде айтылуы шарт. Демек, тіл – пікір алысу құралы, ойлаудың қаруы, ойды білдіру құралы. Әдістеме ғылымы философиямен тоғыса отырып, өзінің методологиялық позициясын оқытудың мақсаты мен принципін айқындайды.

Психологиялық байланысы. Әдістеме пәні оқушылардың оқу материалын қабылдауын, есінде сақтауын, оны тәжірибеде қолдана алуын, ойлай білу қабілетінің дамуын бақылауда психология ғылымына сүйенеді. Оқушылардың жасына қарай олардың психологиялық ерекшеліктерін білу материалды дұрыс таңдауға, оны оқушылардың түсінігіне, қабылдауына, есінде сақтауына лайықтап жеткізуге, соған орай оқытудың әдіс, тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді. Адамның басты ерекшелігі сөйлеу қабілетінің болуы. Сөз – адам психикасының өмір сүруінің аса маңызды факторы. Қарым-қатынассыз қоғам өмір сүре алмайды.

Ал қарым-қатынас дегеніміз – тіл арқылы пікір алысу, сөйлесу. Психологиялық тұрғыдан тілді меңгеру – жеке тұлғаның қалыптасуының негізгі бір шарты.

Дидактикамен байланысы. Дидактика оқытудың теориясы ретінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізі болып табылады. Әдістеме ғылымы біріншіден, дидактикалық принциптердің әдістемеді қолданылу мүмкіншілігін айқындау тұрғысынан байланысады... Қазақ тілін оқытуда дидактикалық принциптер – білім мазмұнын айқындауда, оқытудың жолдарын таңдауда, жаттығу жүйесін жасауда, сабаққа дайындалуда, оны өткізуде негізгі ұстаным, бағыт, бағдар.

Тіл білімімен байланысы. Тіл – жүйелі құбылыс, сондықтан оны мектепте оқытуды белгілі бір жүйелі сипатта болады. Яғни тілдің фонетика, лексика, сөзжасам, грамматика салалары бір-бірімен байланыста жүйелі түрде оқытылады.

Сұрақтар:

1. Таным теориясын қалай түсінесіз?
2. Дидактиканың зерттеу объектісі?

Әдебиеттер:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: 2007
2. Құрман Н. Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері.-Астана, 2008, 131-174б.
3. Жанпеисова М. Модульдік оқыту технологиясы. Оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы; Мектеп, 2005.-160б.